

6 Иса – Әлемнің Нұры

Сіз қараңғыда келе жатып, көре алуыңыз үшін жарықтың болғанын қалаған кездеріңіз болды ма? Алдыңызда немесе жан-жағыңызда қандай қауіп-қатер күтіп тұрғанын білмейсіз. Бәлкім, тіпті, сіз дұрыс келе жатырмын ба деп күмәнданған да шығарсыз. Қараңғыда адасып кету оп-оңай.

Немесе, бәлкім, сіз өзіңізге таныс немесе беймәлім қандай да бір дұшпаныңыздан қорқып, үреймен өткізген түніңіз де болған шығар. Сіз өз басыңызға қандай да бір қорқыныштар төніп жатқанын елестеткен боларсыз. Келесі күні күн сәулесі жарқырап тұрғанда барлығы қалай өзгеше көрінді десеңізші! Нұр неғұрлым жарық бола бастаған сайын, түннің барлық қорқыныштары соғұрлым тезірек ғайып болады ғой.

Сіз Киелі Кітаптың неліктен қараңғылықты зұлымдықтың, қателердің, белгісіздіктің, кесапат пен өлімнің белгісі ретінде жиі қолданатынын оңай түсіне аласыз. Осы заттар біздің қорқыныштарымыз бен абыржуларымыздың себебі болып табылады.

Осыған қарама-қарсы Киелі Кітап нұрды өмірдің, қуаныштың, ақиқаттың және бар жақсының белгісі ретінде қолданады. Ол бізге Иса – әлемнің Нұры екенін айтады. Бұл – Құдайдың Ұлын суреттеуге арналған қандай құдіретті және бай есім десеңізші!

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

- А. Әлем Нұрға мұқтаж
 Ә. Нұрдың іске асыратындары
 Б. Адамдардың Нұрға жауабы

Осы сабақтың мақсаты

1. Исаның неліктен әлемнің Нұры болу үшін келгенін түсіндіру.
2. Неліктен Исаның өмірі – адамдарға рухани нұр екенін көрсету.
3. Адамдардың әлемнің Нұрына қалай қарайтынын атап шығу.

А. ӘЛЕМ НҰРҒА МҰҚТАЖ

Мақсат 1. Исаның неліктен әлемнің Нұры болу үшін келгенін түсіндіру.

Құдайдың мінезі

Қараңғылық дегеніміз – нұрдың болмауы. Күнә алғашқы адамдарды, Адам ата мен Хауа ананы Құдайдан ажыратқан сәтте, әлем рухани қараңғылық құшағына енді. Неліктен? Өйткені Құдай – нұрдың көзі. Онсыз біз адасып, қайда бара жатқанымызды білмей, қараңғылықта тентіреп адасып жүреміз. Көне Келісімде біз бөліну әкелетін қараңғылық туралы оқимыз. Құдай Ишая пайғамбарды Исраилдің мойынсұнбайтын адамдарына мынадай жолдаумен жіберді:

Иш 59:2. «Қайта, өздеріңнің әділетсіз істерің Құдаймен араларыңды ажыратып келеді! Жасаған күнәларың Оның бетін сендерден бұрып әкетеді. Сондықтан да Құдай Ие мінажаттарыңа құлақ салмайды».

Адамдар былай деп жауап берді:

Иш 59:9-10. «Сол себептен әділдік бізден тым алшақ, адалдық қасымызға жоламайды. Нұрды күтсек те, айналамыз қара түнек, үмітінген жарықтың орнына қараңғылықта жүреміз. Соқыр адамдай қабырға бойын қармалап, көзсіз зағиптей жолымызды іздеп сипалаймыз. Тал түсте кеш түскен кездегідей сүрінеміз, күшіміз болғанмен өлілерге ұқсаймыз».

Азап шегудің қандай жарқын суреті! Жаңа Келісім де күнәнің қараңғылығы туралы айтады.

Еф 4:17-18. «Иеміздің атынан сендерге мықтап айтып ескертемін: бұдан былай құдайсыз халықтардың түкке тұрғысыз ойларына сай өмір сүрмеңдер! Олардың санасын қараңғылық басып, жүректері шындықты білгілері келмей жақсылық атаулыға қасарысқан, сөйтіп Құдай беретін шынайы өмірден құр қалған».

Жох1 2:11. «Бауырын жек көретіннің жүріс-тұрысы түнекте, ол қайда кетіп бара жатқанын білмейді. Себебі түнек оның жан дүниесін соқыр қылып қойған».

Тапсырма

1 Киелі Кітапқа сәйкес, ... салдарынан рухани қараңғылық жер бетін баурап алды.

- а) тағдыр
- ә) надандық
- б) күнә



Нұр уәде етілді

Құдай – Нұр, Ол – бүкіл нұрдың қайнар көзі. Құдай нұрының ерекше ашылуын алғанша, адамдар рухани түнекте өмір сүреді. Сондықтан Иса осы әлемнің Нұры болды; Ол бізге Құдай нұрын

беруге – бізге Құдайдың сүйіспеншілігі мен Оның бізге арналған еркін ашуға келді.

Жохан Иса туралы былай дейді: «Сөз өмірдің бастауы болған. Сол өмір адамзат үшін нұр еді» (Жох 1:4). Кейінірек: Жоханның бірінші хаты 1:5-те былай делінген: «Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау: Құдай – Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ».

Исаның Өзі туралы айтқан сөздерін тындаңыздар:

Жох 8:12. «Иса тағы бір жолы халыққа сөйлеп отырғанда былай деді: – Мен – дүние үшін нұрмын. Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады, – деді».

Жох 9:5. «Осы дүниеде тұрған шағымда Мен адамзат үшін Құдайдың Нұрымын».

Исаның Өзі жайында «әлемнің нұрымын» дегені адамдарды тандандырмауы керек еді. Ишая пайғамбар Мәсіхтің Құдайдың Нұры ретінде келетінін айтып кеткен. Матай Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөзді дәйексөз ретінде алып, оның Исада жүзеге асқанын айтқан:

Иш 50:10. «Ей, өз араларыңда Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оның Қызметшісінің даусына құлақ түретін кім? Сендер қараңғыда жүріп, жарықтан ада болсаңдар да, Жаратқан Иеге үміт артыңдар, иә, Құдайларыңды сүйеніш етіңдер!»

Иш 60:19. «Саған күндіз күннің нұрын шашып, түнде айдың сәулесін түсіруінің қажеті де болмайды. Мен, Жаратқан Ие, сенің Құдайың, Өзім мәңгілік нұрың мен салтанатың боламын!»

Мат 4:16. «Халық қараңғыда ғұмыр кешіп келеді, Ал енді бір ғаламат Нұрды көреді, Түнек басқан жерде тұратын елге Таңның шапағы сәулесін төгуде!»

Тапсырма

- 2** Жох 8:12 аятты жаттап алыңыз.
- 3** Иса әлемге нұр болу үшін келді, өйткені адамдар... өмір сүрді.
- а)** қаржылық кедейлікте
ә) рухани түнекте
б) зиянды ортада



Ә. Нұрдың Іске Асыратындары

Мақсат 2. Исаның өмірі неліктен адамдарға рухани нұр екенін көрсету.

Нұр қараңғылықты жояды

Иса – Нұр, Ол қараңғылықты жояды. Оның жүректерде орын алуы күнәні, кінәні және қорқынышты ығыстырып шығарады. Оның сүйіспеншілігі өшпенділікті де итеріп тастайды. Оның нұры біздің жанымызға үміт, сенім, жұбаныш және күш-қайрат береді.

Жыр 26:1. «Жаратқан — нұрым менің, құтқарушым да, кімнен мен қорқамын солай болғанда? Жаратқан — өмірімнің берік қорғаны да, Кімнен үрейленемін солай болғанда?»

Нұр қараңғылықтан күштірек. Әлемнің бүкіл қараңғылығы ешбір шамды сөндіре алмайды. Егер сіз Исаны өз өміріңізге қабылдасаңыз, айналаңыздағы жамандықтың билігі және өмірдің қараңғы оқиғалары Оның нұрын сөндіре алмайды. Д. Л. Муди көптеген айлар бойы сырқаттанып төсектен тұра алмаған бір мәсіхші әйел туралы айтып берген. Соған қарамастан әйел өмірге құштар, әрі жайдары еді.

Біреу одан сыртқа да шыға алмай, күннің көзін де көре алмай жатса да, оның қалайша осыншама бақытты бола алатындығын сұраған көрінеді. Сонда әйел былай деп жауап қатқан екен: «Менің бөлмем қараңғы, бірақ менің жүрегімде Құдайдың Ұлы бар». Иса оның өміріндегі қараңғылықты серпіп тастайтын рухани нұрдың қайнар көзі болған. Ол осы бір әйелдің жүрегін Өз нұрына толтырып, жанында болды.

Жох 1:5. «Нұр түнекте жарқырайды, ал түнек Нұрды жеңе алған емес».

Мих 7:8. «Қазір түнекте отырсам да, Жаратқан Ие жарық нұрым болады!»

Тапсырма

- 4 Қорқыныш, күнә, кінә және реніш түнегі адамның жүрегінен . . . ығыстырылады.
 - а) жақсы білім алу арқылы
 - ә) дұрыс ойлау арқылы
 - б) дұрыс өмірлік көзқарас ережелерімен
 - в) Исаның жүректе орын алуы арқылы
- 5 Сіздің жүрегіңізде Исаның нұрын қажет ететін қараңғы жерлер бар ма? Қазір мінажат етіп, Оның қараңғылықты ығыстырып жоюын сұраңыз.



Нұр ашып көрсетеді

Нұр бізге заттардың іс жүзінде қандай екендігін көре алуымызға мүмкіндік береді. Біз үшін рухани шындықты танып-білудің жалғыз тәсілі – Құдайдан келетін рухани нұр. Осы нұрды біз Құдайдың жазылған Сөзі – Киелі Кітаптан және Құдайдың тірі Сөзі Иса Мәсіхтен таба аламыз. Иса – өмірді Көрсетуші және Түсіндіруші. Ол Құдайдың Сөзін түсінуге көмектеседі және бізге арналған Құдай жолын көрсетеді. Оның Өзі жол болып табылады.

Жох 14:6. «Иса оған: – Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды».

Иса бізге өзіміздің шын мәнінде қандай екенімізді көруге көмектеседі. Оның мінсіз өмірі мен тәлімдерінен біз өзіміздің Құдайдың еркіне қаншалықты сәйкес келмейтіндігімізді көре аламыз. Біз өзіміздің күнәларымызды, тәкаппарлығымызды, өзімшілдігімізді және жасырын уәжімізді көреміз. Иса біздің кешірімге және Ол ұсынып отырған жаңа өмірге мұқтаж екенімізді көрсетеді.

Иса бізге Құдайдың қандай екенін және Оның біздің мұқтаждарымызды қалай қамтамасыз ететінін көрсетеді. Құдайдың бізді қалай сүйетінін, Оның бізге қаншалықты шыдамды екенін және біздің құтқарылуымызды қалай қамтамасыз ететінін біз Исадан көреміз. Ол бізге Құдайды өз өмірімізге қалай қабылдауымыз және Оның нұрынан әрқашан қалай ләззат алуымыз керектігін көрсетеді:

Қор2 4:6. «Жаратылыстың басталуында қараңғылықтан нұрдың жарқырауын бұйырған Құдай жан дүниемізді де жарқыратып, бізді Иса Мәсіхтің бетінен көрінетін Өзінің салтанатты ұлылығын білуіміз арқылы нұрландырады».

Евр 1:3. «Одан Құдайдың салтанатты ұлылығы жарқырап көрінеді: Ол – Құдайдың болмысының дәлме-дәл сипаты».

Тапсырма

- 6** Айталық, біреу сізге: «Маған мәсіхші болудың қажеті жоқ. Мен тәртіпті адаммын. Мен ешкімді өлтірген жоқпын және қорқынышты ештеме жасаған да жоқпын», – деді делік. Исаның нұры осы адамға оның рухани мұқтаждықтарын көруге қалай көмектесе алады?



Нұр – бұл қуат

Нұр – сәулелендіруші қуат. Ғалымдар күннен тарайтын нұрдың күші туралы барған сайын көбірек біле түсуде. Оның сәулелері – адам қолданатын қуаттың аса зор көзі болып табылады. Адамдар оны өз үйлерін жылыту және өз машиналарына пайдалану үшін қолдана алады. Ол, сондай-ақ, адамдардың өмірі мен денсаулығына көбірек жағымды әсерін тигізеді. Көптеген өсімдіктер көлеңкеде өсе алмайды. Күннің нұры көптеген микробтарды өлтіріп, біздің денсаулығымыз бен күшіміздің кепілі болып табылады. Күнсіз қалған жер туралы ойланыңыз. Жылу да, өмір де жоқ. Оны орбитада ұстап тұратын күш те болмайды. Қараңғы аспанда адасып, жойылуға ұмтылып бара жатқан мұздатылған шарға айналады.

Біз үшін, жер үшін күн қандай болса, Иса – сондай. Ол бізге өмір, жылу, денсаулық, қуат пен күш әкеледі. Өзінің сүйіспеншілігімен Ол бізді Өзіне жақын ұстайды. Ол біздің тәніміз бен жанымызды сауықтырады. Иса Өзінің ізбасарларына беретін өмірдің нұры өлімнен күштірек. Ол қайтып келгенде ештеңе де, тіпті көр де бізді ұстап қала алмайды. Тұқымынан шығып, нұрға талпынатын өсімдіктер сияқты, біз де Онымен кездесу үшін көкке көтерілетін боламыз. Елші Пауыл былай дейді:

Сал1 4:16-17. «Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп бұйрық береді, әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұл дүниеден кеткендер қайта тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз».

Тапсырма

7 Сіз оқып білген салыстыруда жердегі өсімдіктер үшін күн қандай болса, Иса ... үшін де сондай.

- а)** Оның Әкесі
- ә)** Өзінің ізбасарлары
- б)** періштелер



Нұрдың сәулесі баршаға бірдей түседі

Нұр жердің түкпір-түкпірінде бәріне сәулесін төгіп жарқырайды. Күн төбелердің баурайына және шатқалдарға, кедейлер мен байларға, даналар мен ақымақтарға қалай сәулесін түсірсе, Исаның нұры да дәл осылай бүкіл әлемге, жақсы мен жаманға сәулесін шашады. Кейбір адамдар Құтқарушы тек өздерінің ұлты үшін ғана келеді деп ойлаған. Бірақ Құдай Өзінің нұры бүкіл әлемді құтқаруға арналғандығын ашық айтады. Ізгі хабар былай дейді:

Жох 1:9. «Әр адамға сәулесін түсіретін шынайы Нұр бұл дүниеге келе жатты».

Лұқ 1:78-79. «Мейірімді рақымымен Құдайымыздың Шұғылалы Таң, міне, атып келеді! Ажал төндірген түнектегі біздерге Ол Өзінің шапағатты нұрын төгеді, хәм бізді бейбітшілік жолына жетелейді».

Жолдың шетінде қайыр сұрап отырған зағип тобырдың жақындағанын естіді. Ол өзінің жанынан Исаның өтіп бара жатқанын және тобырдың Оған ілесіп келе жатқанын түсінді. Қайыршы Исаның сауықтыратын күші жөнінде естіген еді. Ол қатты дауыстап жалбарынды: Лұқ 18:38. «Дәуіттің Ұрпағы Иса! Маған рақым ете көріңіз!» Адамдар оған тарпа бас салып зекіп, аузын жабуын бұйырған. Себебі олар Исаның қайыршыға көмектесуге уақыты жоқ деп ойлады. Алайда Өзінен жәрдем сұрап келгендердің әрқайсысына көмектесуге

Исаның уақыты бар. Қайыршы жалбарынуын тоқтатпады. Иса тоқтап, қайыршыны Өзіне алып келуге бұйрық берді. Иса оны сауықтырды.

Лұқ 18:43. «Сол сәтте-ақ соқыр адамның көзі ашылып көретін болды! Ол Құдайға зор ризашылығын білдіріп Исаға еріп жүрді. Мұны көрген халықтың бәрі Құдайды дәріштеп мадақтады».

Зағип Исаны кездестіргеннен кейін, оның өмірі жаңа мағына мен жаңа бағытқа ие болды. Оның түнектегі әлемі нұрға бөленді. Оның кім болғаны, қайыр сұрап қайда отырғаны, қараңғылыққа қалай тап болғаны маңызды емес. Ол енді нұрға бөленіп жүрді: бұдан былай ол зағип қаріп-қасер емес, әлемнің Нұры – Исаның ізбасары еді.

Тапсырма

8 Сіз Исаның әлемнің Нұры ретіндегі жарқырауының төрт көрінісін оқып білдіңіз. Әр сөйлемнің тұсына соған сәйкес келетін, яғни қандай мәселені немесе қателікті түзететінін сипаттауды көрсететін көріністің санын жазып қойыңыз.

- | | |
|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------|
| а Мәсіхшілік тек білімсіздерге арналған. | 1) Түнекті ығыстырып шығады |
| ә Өліммен бәрі бітеді. | 2) Ашып көрсетеді |
| б Мен Киелі Кітапты түсінбеймін. | 3) Қуат |
| в Құдай мені шын мәнінде жақсы көреді деп ойламаймын. | 4) Баршаға бірдей |
| г Менің жүрегім өшпенділік пен үрейге толы. | |



Б. Адамдардың Нұрға Жауабы

Мақсат 3. Әлемнің Нұрына адамдардың қалай қарайтынын атап шығу.

Бас тарту

Кейбір адамдар Исаны жақтырмайды және олар Оның нұрын қабылдаудан бас тартады. Олар өз қалаулары бойынша өмір сүріп, өз еркіне сай жүргілері келеді және Исаның айтқанын орындағылары келмейді. Иса жерде өмір сүрген кезінде, кейбір адамдар Оны жек көретін, өйткені Оның тәлімдері оларға өздерінің қандай күнәкар екендігін көрсетіп берді. Олар осы нұрды сөндіріп, Оны өлтіргілері келді. Олар Инжілге қарсы күресті. Иса оларға Өзінің баршаға құтқарылу әкелгенін білдірді. Оны қабылдағандардың барлығы құтқарылатын болады. Алайда Оның нұрын қабылдаудан бас тартқандар өздерін қараңғылықта өмір сүру мен өлімге ұшыратады.

Жох 3:19-20. «Соттың мәні мынадай: «Құдайдың Нұры» жерге келді, бірақ адамдар Одан гөрі түнекті жақсы көрді, себебі олардың істері жаман еді. Жамандық істеген әркім Нұрды жек көреді және жасаған істері әшкереленбес үшін Нұрға жоламайды».

Қабылдау

Жох 8:12. Иса мынадай уәде берді: «Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады». Сіз Исаны қабылдаған кезде, Оның нұры сіздің иелігіңізде болады. Осылайша сіз Оның нұрының әсерін күн сайын сезінетін боласыз. Иса – Нұр. Оған ие болу – бұл өмір нұрына және осы нұр әкелетін барлық игіліктерге ие болу деген сөз. Әлемнің нұрына ие болу – білімнен де, ерік-жігерден де, белгілі бір дінге жатудан да әлдеқайда жоғары. Бұл, Иса туралы немесе Оның тәлімдерін білгеннен де әлдеқайда биік. Бұл сіздің өміріңізде

жарқырап тұрған, қуатты әрі сәуле түсіретін күш ретінде Исаның Өзіне ие болу.

Құдайдың нұрына ие болу үшін Исаның артынан ілесіп, Оның нұрында жүруіміз керек. Құдай Өзін және Өзінің шындығын, ақиқатты қабылдап, Өзіне ілескісі келетіндерге ашып көрсетеді. Ол күн өткен сайын бізді ілестіріп жетелей береді.

Жох I 1:7. «Ал егер Құдайға ұқсап нұрда тұрсақ, онда өзара байланыста боламыз және Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады».

Нқл 4:18. «Әділдің жолы таң шапағы іспетті тал түс болғанша жарқырай түседі».

Исаның артынан еріп, өмір нұрына ие болғыңыз келе ме? Оны қазірден бастап өз өміріңіздің барлық саласына қабылдаңыз. Оның нұрына барлық қараңғылықты тазартуға мүмкіндік беріңіз. Оның нұрына ілесіп, өзіңіздің маңайыңыздағылармен бөлісіңіз. Өз нұрымен толтыру үшін өміріңізді Оның қолына тапсырыңыз. Сіз былай мінәжат ете аласыз:

Иса, рақым етіп, менің өміріме келші. Менің күнәларымды кешіріші, менің жүрегімді бүкіл түнектен тазартшы. Сен менің қандай адам болғанымды қалайсың, соған сай өзгертіші. Мені Өз нұрыңа кенелте гөр. Маған күн сайын Сенің артыңнан ілесуге көмектесе гөр. Сенің нұрың үшін Саған алғыс айтамын.

Тапсырма

- 9** Исаны өз өміріңізге әлемнің Нұры ретінде қабылдау ... білдіреді.
- а)** мәсіхшілік – бұл жақсы дін дегенмен келісуді
 - ә)** жақсырақ болуға шешім қабылдауды
 - б)** Оның шынымен сізде және сізбен бірге екендігін

- 10** Егер сіз әлі де Исаны қабылдаспаңыз, Оны қазір қабылдайсыз ба? Сіз осы сабақта берілген мінәжатты қолдана аласыз немесе өз сөздеріңізбен мінәжат ете аласыз. Егер Оны қабылдаған болсаңыз, Оның сіздің өміріңізге әкелген нұры үшін Оған алғыс айтыңыз.



Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 6** Сіздің жауабыңыз: Сіз Исаның өмірі бізге өзімізді шын мәнінде қандай адам екенімізді көруге көмектесетін нұр сияқты екенін үйрендіңіз. Егер осы адам өзінің өмірін Исаның мінсіз өмірімен салыстырса, ол көптеген айырмашылықтар табар еді, сөйтіп бұл салыстыру оған өзінің рухани мұқтаждығын көруге көмектесер еді.
- 1 б)** күнә
- 7 ә)** Өзінің ізбасарлары
- 3 ә)** рухани түнекте
- 8** Төмендегі жауаптар осы сабақта айтылғандармен сәйкес келеді. Алайда басқа жауаптар да болуы мүмкін.
- а)** 4) Баршаға бірдей.
- ә)** 3) Қуат.
- б)** 2) Ашады.
- в)** 2) Ашады.
- г)** 1) Түнекті ығыстырып шығарады.
- 4 в)** Исаның жүректе орын алуы арқылы
- 9 б)** Оның шынымен сізде және сізбен бірге екендігін